

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/73063/>**ФИО:** Полатова Индира Дуйсенбаевна**Қала:** Шымкент қаласы**Мектеп:** Шымкент қаласы білім басқармасы «Қосалқы мектеп-интернаты»  
комуналдық мемлекеттік мекемесі**Қызметі:** мұғалім-дефектолог**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»**Тақырыбы:** Үй жануарлары.**Мақсаты:****Білімділік:** Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру, үй жануарлары жайлы түсініктерін ажырата білуді үйрету, пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту.**Дамытушылық:** Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.**Тәрбиелік:** Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу.**Көрнекілік:** Үй жануарларының суреттері, боямақтар**Сабақ түрі:** Аралас.**Сабақ әдісі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау.**Сабақ барысы:****I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесіп, орындарына отырғызу. Оқушыларды түгелдеу.

— Қазір жылдың қай мезгілі?

— Қазір қай ай?

— Бүгін аптаның қай күні?

### 1. Үй тапсырмасын тексеру.

Дене мүшелері: Олардың атқаратын қызметі:

Аяқ мұрын

Қол ауыз

Көз мойын

Құлақ

### III. Жаңа сабақ:

Үй жануарлары адамның жанында өмір сүреді. Адамдар оларды күтіп жем-шөптерін дайындап береді. Балалар сендер үй жануарларын көргілерің келе ме ?

Онда бәріміз қазір жайлауға барамыз.

Ненің суретін көріп тұрсыңдар?

Жақсы балалар.

Балалар сендердің ата-аналарың бар, сендер олардың балаларысыңдар, сол сияқты үй жануарларының да өз балалары бар екен. Біз оларды төлі деп атаймыз. Енді балалар төрт түліктің төлдерін атайықшы:

Сиыр-бұзау, жылқы-құлыншақ, қой-қошақан, ешкі-лақ, түйе-бота. Балалар бұл үй жануарлары қалай дыбыстайды. Соны атап көрейік. Сиыр мөңірейді, жылқы кісінейді, ешкі маңырайды, түйе боздайды, қой маңырайды.

### 1. Сабақты бекіту

Сурет бойынша төлдерін ажырату:

Сиыр құлыншақ

Түйе бота

Қой лақ

Ешкі қошақан

Жылқы бұзау

Әр балаға төлін ажыратуға жеке тапсырма беру, сызба арқылы көрсету.

### Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз.

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір,

1,2,3 бойға жина күш.

Дыбыстардан қандай үй жануар екенін айту.

#### 1. Сабақты қорыту:

Үй жануарларының қандай пайдасы бар

Сиыр — сүт, қаймақ, құрт, ірімшік жасаймыз.

Түйе — жүк тасиды, терісінен киім тігеді.

Қой, ешкі — түбітінен киім тоқиды.

Балалар малды күтіп баптауымыз керек.

— Малды аяқпен тебуге болмайды.

— Малдың сүтіне түкіруге болмайды.

— Малды бастан ұруға болмайды.

1. **Оқушыларды бағалау:** Оқушылардың сабаққа қатысуларына және жауап берулеріне қарай мақтап, мадақтап бағалау.

**VII. Үйге тапсырма:** Үй жануарлары.